

## Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1125 Қаулысы

«Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі «Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесіне сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Т.А. Мұсабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

|  |  |                                      |
|--|--|--------------------------------------|
| <i>Премьер-Министрі</i><br>Қазақстан<br>Үкіметінің<br>2010 №<br>бекітілген | <i>К. Мәсімов</i><br>Республикасы<br>29 қаулысымен | <i>Республикасының</i><br>2010.12.25 |
|--|--|--------------------------------------|

## Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама

### 1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 136; 20.12.2013 № 1382 қаулыларымен.

|   |   |  |
|---|---|--|
| Атауы   | Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 — 2014 жылдарға арналған бағдарлама  |  |
| Әзірлеу үшін<br>негіздеме   | <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурызағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары</p> |  |
| Бағдарламаны<br>әзірлеуге<br>іске<br>жаяуапты<br>мемлекеттік<br>орган | <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі және асыруға</p> <p>Толыққанды ғарыш саласын құрудың бірінші кезеңін мақсаты іске асыру</p>  |  |
| Міндеттері  | <p>1) Мақсатты ғарыш жүйелерін құру;</p> <p>2) Жерүсті ғарыш инфрақұрылымын дамыту;</p> <p>3) Ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-технологиялық базасын дамыту;</p> <p>4) Ғарыш жүйелерін пайдаланудың мақсатты жобаларын іске асыру;</p> <p>5) Ғарыш саласының кадрлық әлеуетін дамыту жүйесін қалыптастыру;</p> <p>6) Ғарыш саласының шарттық, құқықтық және нормативтік-техникалық базасын құру</p>  |  |
| Іске асыру<br>мерзімдері<br>(кезеңдері)                               | 2010 - 2014 жылдар  |  |
| Нысаналы<br>индикаторлар  | <p>1. 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 2014 жылды жалпы қосылған құнның (бұдан әрі – ЖҚҚ) 30 % -ға есүі.</p> <p>2. Тіркелген спутниктік байланыс арналарына елдің</p>  |  |

қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі 2014 жылы –  
8 0 % .

3. Дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметін көрсетуге елдің қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі (Қазақстан аумағын жабу %) 2014 жылы – 55 % .

4. 2014 жылы тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық Жерді қашықтықтан зондтау (бұдан әрі – ЖҚЗ) ғарыш аппараттарынан (бұдан әрі – FA) алынатын деректердің үлесі – 50 % .

5. 2014 жылы ғылымды қажетсінетін кемінде 9 ғарыш технологиясын енгізу.

Қаржыландыру  
көздері мен  
көлемдері

Бағдарламаны іске асыруға 2010 - 2014 жылдары республикалық бюджет қаражаты бағытталады. 2010 – 2014 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға байланысты республикалық бюджеттен қаржы шығындары 137,7 млрд. теңгені құрайды. Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығындар көлемі Қазақстан Республикасының үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Заңына сәйкес анықталатын болады.

## 2. Кіріспе

XXI ғасырдағы Қазақстанның жетістігі - бұл оның саяси және экономикалық ықпал ету, мәдени және адамгершілік жағынан тартымды болу орталығы ретінде қалыптасуы. Бұл жаңа даму шептеріне ұмтылыс, өмір мен қауіпсіздіктің жаңа сапасын бекіту. Ғаламдық динамикалық бәсекелестік жағдайында елімізге табыс идеологиясы, Қазақстанның табысты жобасы әрі оның құрылышының бағдарламасы ауадай қажет. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы Жолдауы - осы қазақстандық табыс идеологиясының берік негізі, мықты іргетасы. Бұл құжаттың зор тарихи мағынасы, болашақ өзгерістер қуаты және мемлекеттік дамудың күшті әнергетикасы бар .

Құжат Үкімет пен Қазақстан қоғамының алдында орасан зор міндеттер қояды, оларды іске асыру дүниежүзінің жоғары дамыған және бәсекеге аса қабілетті мемлекеттердің тандаулы клубына алып шығады. Бәсекеге қабілеттілік - Қазақстанның әлемдік экономика мен қауымдастыққа табысты ықпалдасу жолы, сондықтан

Қазақстанды индустрияландыруды халықаралық нарықтардың талаптары мен шарттарына жауап беретін негізде жаңа тәсілмен қамтамасыз ету қажет.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, жоғары технологиялық индустрияның негіздерін құрудың тиімді жолдарының бірі ғарыш қызметін дамыту, елдің ғарыш бағдарламасын іске асыру және ғарыш технологияларын өнеркәсіптік өндіріске енгізу болып табылады. Дүниежүзінің жетекші елдерінің экономикасында ғылымды қажетсінетін, ресурс үнемдейтін технологиялар мен өндірістер рөлі өсуінің тұрақты

үрдісі

б а й қ а л а т ы н ы

сөзсіз.

Өте үлкен аумағы және аса бай қорлары бар Қазақстан үшін космонавтика - бұл геосаяси, экономикалық және ғылыми-практикалық мұдделер аясы. Оның елімізде бірыңғай ақпараттық кеңістік құру, оның табиғи ресурстарын зерттеу және ұтымды пайдалану, экологиялық мониторинг жүргізу өте қыын. Бұл ретте көптеген жағдайларда ол ұсынатын мүмкіндіктерге балама жоқ. Ғарышты игеру адамдарға байланысты және көп арналы телевизиялық хабар таратуды, түрлі обьектілердің орналасқан жерін жоғары дәлдікпен табуды және олардың қозғалысын басқаруды, метеорология және басқаны ұйымдастыруда негізінде жаңа міндеттерді шешудің шексіз мүмкіндіктерін а ш т ы .

Осы салалық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын ұдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті Қазақстанның ғарыш саласын құру стратегиясын іске асыру мақсатында әзірленді. Ол болашақта даму әлеуетімен ғарыш техникасын ғылыми зерттеулерден техникалық пайдалануга және коммерциялық қолдануға дейінгі технологиялық тізбекті толық қамтитын барлық элементтерді құруды көздейді.

Ғарыш саласы жобаларының ұзак мерзімділігі мен ғылымды қажетсінуін ескере отырып, тиісті Бағдарламаны қабылдау сала құрылышына қатысушылардың, соның ішінде ғарыш қызметтерін алуға мұдделі мемлекеттік органдардың және шаруашылық жүргізуши субъектілердің барлық күшін біріктіруге мүмкіндік береді.

### **3. Ағымдағы жағдайды талдау**

#### **3.1. Сала (сектор) жай-күйінің ағымдағы жағдайын, сондай-ақ осы саланың (сектордың) елдің әлеуметтік-экономикалық және бұқаралық-саяси дамуына әсерін бағалау**

**Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1382 қаулысымен.**

Қазіргі кезеңде дүние жүзіндегі ғарыш қызметі және оның ғылыми-өндірістік базасы ғаламдық экономиканың табиғи қызмет ететін, дамудың әмбебап зандылықтарына мен үрдістеріне бағынатын саласына айналды. Бұл ретте ғаламдық экономиканың ғарыш секторы серпінді және тұрақты даму үстінде.

Жалпы әлемдік ғарыш қызметінің құрылымында мынадай негізгі сегменттер мен стратегиялық бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

байланыс пен хабар таратудың спутниктік жүйелерінің қызметтері;

Жерді қашықтықтан зондтау (бұдан әрі - ЖҚЗ) жүйелерінің қызметтері;

іске қосу қызметтерін көрсету;

ғарыш аппараттарының (бұдан әрі - ГА) өндірісі;

ғарыш жүйелерінің жерусті, соның ішінде навигациялық жабдығының өндірісі және пайдалану.

Космонавтиканы дамытудың жалпы үрдістері Қазақстан Республикасына дүниежүзілік ғарыш нарығында өз орнын белсенді іздеуді талап етеді, ол мыналарға бағланысты:

біріншіден, нарықта көшбасшылық орынды алып отырған, қарсы маркетингтік саясат жүргізіп отырған және нарықты өз араларында бөліп алған ғарыш қызметінің негізгі қатысуышылары (АҚШ, РФ, Еуропа ғарыш агенттігі, Жапония, ҚХР, Үндістан, Израиль) арасындағы өсіп келе жатқан бәсеке;

екіншіден, қазақстандық бағдарлама дүниежүзілік бірлестіктің әр түрлі экономикалық-индустриялық даму деңгейіндегі мемлекеттерінің ғарыш қызметіне белсенді қосылуының аясында дамып жатыр.

Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамытудың алғашқы нәтижелері Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы № 1513 Жарлығымен бекітілген «2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту» мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) іске асыру кезінде алынды.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

Ғарыш аппараттарын жерден басқару кешенін құру және «KazSat-1» байланыс және хабар тарату спутнигін ұшыру жобасы іске асырылды;

«Байқоңыр» ғарыш айлағында экологиялық қауіпсіз «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені (бұдан әрі - «Бәйтерек» ГЗК), ЖҚЗ және ғылыми мақсаттағы, дәлдігі жоғары спутниктік навигация ғарыш жүйелерін құру техникалық ұсыныстары мен ТЭН әзірленді;

«Орбита» радиополигонының техникалық құралдары және Алматы қаласында «Космостанция» эксперименттік базасы жаңғыртылды;

Халықаралық ғарыш станциясының (бұдан әрі - XFC) бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттер жүргізудің кешенді бағдарламасы әзірленді;

ғарыш кеңістігінің радионавигациялық мониторингі, жоғары атмосферадағы оптикалық құбылыстарды зерттеу саласында және шетелдік ғалымдармен бірлескен басқа да зерттеулерде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш мониторингі жүйесінің (бұдан әрі - ҰФМЖ) негізгі инфрақұрылымын, зымыран-ғарыш кешендерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы аумағының экологиялық қауіпсіздігінің мониторингі жүйесін дамыту бөлігінде жұмыстар жүргізілді және белгілі нәтижелер шығарылды.

Осылайша, Қазақстанда ғарыш саласын қалыптастыру үшін маңызды объективті алғышарттар бар. Сондай-ақ бұл алғышарттарға жоғары технологиялар саласында серпілісті қамтамасыз ету қажеттілігі, экономиканың, ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері және ең бастысы меншігінде дүние жүзіндегі ең ірі «Байқоңыр» ғарыш айлағының

б о л у ы ж а т қ ы з ы л ү ы т и с .

Қазақстанның жерусті ғарыш инфрақұрылымына ғарыш айлағымен қатар Аққөл қаласындағы байланыс FA жерусті басқару кешені, ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы (бұдан - FT АКТБ), ғарыш инфрақұрылымын қабылдау және өндөу екі орталығы, ғарыш сәулелерінің станциясы, ғылыми зертханалар, астрономиялық обсерватория жатады.

Дүниежүзінің жұмыс істейтін шамамен 30 ғарыш айлағының жалпы және коммерциялық іске қосуларының саны бойынша «Байқоңыр» ғарыш айлағы бірінші болып келеді. Дүниежүзінде ең ірі болып саналатын бұл ғарыш айлағы еліміздің бірегей бәсекелік артықшылығы болып табылады.

Бұгінде «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Протон», «Союз», «Днепр», «Зенит» ғарыш зымыран кешендері (бұдан әрі – F3K) жұмыс істейді, соңғысының негізінде «Бәйтерек» F3K құралы жоспарлануда.

«Протон» ауыр сыныпты ЗТ 1966 жылдан бастап коммерциялық іске қосулар үшін қолданылады және дүниежүзілік коммерциялық ұшырулар нарығында жетекші орынға нық ие болды. «Протон» ЗТ әр коммерциялық іске қосуы кемінде 85 млн. АҚШ долларына табыс әкеледі. 2010 жылға 12 іске қосу жоспарланғанын ескерсек, ILS халықаралық компаниясының «Протон» ЗТ коммерциялық іске қосуларына арналған келісімшарттарының сомасы 1 млрд. АҚШ долларынан асатынын көрсетеді.

Жұзбелі ғарыш айлағынан коммерциялық іске қосулар үшін 1998 жылдан бастап «Зенит» орта сыныпты ЗТ «Морские старты» ойдағыдай қолданылуда. Байқоңыр ғарыш айлағынан «Зенит» ЗТ коммерциялық іске қосуларды «Международные космические услуги» ресейлік-украиналық компаниясы да жүзеге асырады, іске қосу құны 70 млн. АҚШ долларынан астам бағаланады.

«Днепр» жеңіл сыныпты ЗТ коммерциялық іске қосулар үшін 1999 жылдан бастап табысты қолданылуда және ғарыш аппараттарын ұшыруға бейімделген, дайын РС-20 континентаралық баллистикалық зымыран болып табылады. «Днепр» ЗТ коммерциялық іске қосуы 20 млн. АҚШ долларынан астам бағаланады.

Жоғарыда айталғанға байланысты, жыл сайын «Байқоңыр» ғарыш айлағын жалға алғаны үшін 115 млн. АҚШ долларын төлеуді және жыл сайын оның объектілерін ұстауға 100 млн. АҚШ долларын салуды Ресейдің пайдалы деп есептеуі өбден қисынды . Қазақстанның, көзқарасы бойынша, жыл сайынғы жалгерлік ақыны алу, өзінің бірегей бәсекелік басымдығын іске асыру болып табылады. Жалға беру кезеңінің ішінде ел бюджетіне 1,8 млрд. АҚШ долларынан астам тұсті.

Сонымен қатар, Қазақстан күш-жігерін жұмсамайынша, оның бірегей бәсекелік басымдығын сақтап қалу мүмкін емес. Мамандардың бағалауы бойынша ғарыш айлағының технологиялық жабдығының табиғи және моральдық тозуының қалған мерзімі шамамен 10 жылды құрайды және мұның Ресей аумағында «Восточный» ғарыш айлағы құрылышының белгіленген мерзіміне сәйкес келуі кездейсоқ емес шығар.

Қалыптасқан жағдайларда Қазақстан өз ғарыштық бағдарламаларының негізінде ғарыш айлағын дамыту арқылы өзінің бірегей бәсекелік басымдығын бұдан әрі де сақтап қала алады. Өзінің ғарыштық бағдарламалары коммерциялық іске қосуларға қатысуға, ғарыш аппараттарының өз өндірісін құруға негізделуі тиіс.

Сондай-ақ FA меншікті өндірісін құру қажеттілігі, еліміздің әртүрлі ғарыш қызметтеріне, атап айтқанда ғарыштық байланыс жүйелерінің, Жерді қашықтықтан зондау ғарыш жүйелерінің (бұдан әрі - ЖҚЗ FЖ) және спутниктік навигация жүйелерінің қызметтеріне қажеттілігінің жыл сайын өсуімен байланысты.

Отандық операторлар «KazSat-1» спутнигінде қолданылған тарифтерден екі-үш есе жоғары бағалар бойынша шетелдік спутниктер ресурстарын жалға алады. Бұл ретте Қазақстанда негізгі қызметтерді алушылар ел бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер болып табылады.

Мәселен, бұғаңға таңда шетелдік спутниктер ресурстарын жалға алу жылына 34 млн. АҚШ долларын құрайды. Демек, бұл қаржы қаражаты мемлекет ішінде ұлттық байланыс операторларын дамыту үшін пайдаланылмай, шетелдік компаниялардың және олардың өндірістік қуаттарының дамуына кетеді. Спутниктік ресурстарды жалға алу ұзартылған жағдайда тек қана шетелдік компаниялардың жыл сайынғы жалгерлік ақысы 50 млн. АҚШ долларына жетуі мүмкін.

Талдаушылардың бағалауы бойынша Қазақстанның ЖҚЗ ғарыш түсірілімдері нарығының әлеуетті сыйымдылығы жылына 93 млн. АҚШ долларын құрайды, соның ішінде мемлекеттік ұйымдар қажеттілігі - 66 млн. АҚШ долларын және коммерциялық сектор - 27 млн. АҚШ долларын құрайды. Соңғы жылдары GPS аспаптарының бірлескен және жаппай нарығы айтарлықтай өсті және экономикалық әрі әлеуметтік жағынан маңызды болды. Сарапшылардың бағалары бойынша Қазақстандағы навигациялық жүйелер нарығы шамамен 5,8 млн. АҚШ долларын қурауы мүмкін, бұл ретте жаппай нарықтың үлесіне шамамен 25%, немесе 1,4 млн. теңге келеді. Бұл ретте Қазақстанда жоғарыдәлдікті деректердің әлеуетті тұтынушылары геодезия мен кадастар,

ауыл шаруашылығы саласының кәсіпорындары, құрылымдар кәсіпорындары және басқа ведомстволар мен үйымдар болып табылады.

### **3.2. Осы саланың (сектордың) күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерін талдау**

Қазақстанның әлемдік ғарыш индустриясы қатысуышыларының қатарына (ғарыш державаларының қатарына) кіру қажеттілігі уақыттың, ел экономикасын әртараптандыру ниетінің, жоғарыдәлдікті өнімнің өндірісін игеру талаптарымен ғана емес, елде ғарыш индустриясының осындай «Байқоңыр» ғарыш айлағы сияқты маңызды құрамдауышының болуымен байланысты.

Бұл басымдық Қазақстанға одан жүргізілетін FA ұшыруларына қатысу, зымыран-тасығыштарды дайындау, қызметтер көрсету және іске қосуды жүзеге асыру, меншікті өндірістік-сынау базасын дамыту үшін бірегей мүмкіндік береді. Қазақстанның әртүрлі қызметтерге және Байқоңырда жүзеге асырылатын халықаралық жобаларды іске асыруға қатысуы аса басымды міндеттердің бірі болып табылады.

Жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша ғарыш саласының кейбір күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен қауіптерін атап көрсетуге болады:

|   |   |
|---|---|
| Күшті жақтары (артықшылықтары):   | Әлсіз жақтары (кемшіліктері):   |
| 1) дүниежүзіндегі ең ірі және белсенді «Байқоңыр» ғарыш айлағының меншікте болуы; 2) жоғары ғылыми әлеуеттің болуы; 3) практикалық бағыттағы мамандарды даярлау үшін Байқоңыр қаласында Мәскеу авиациялық институты филиалының болуы; 4) ЗТ бөлінетін бөліктердің күлау аудандары ретінде пайдалану үшін жер телімдерінің болуы; 5) ел экономикасының ғарыш қызметтеріне ішкі мұқтаждығы; 6) ғарыш қызметін дамытуды мемлекеттік қолдау.                | 1) «Байқоңыр» ғарыш айлағының негізгі құрал-жабдығының моральдық және табиғи тозуы; 2) өзінің бірегей бәсекелік артықшылығына тұтынушылық; 3) «Байқоңыр» ғарыш айлағының коммерциялық әлеуеттің тиімді пайдалану жөнінде шаралар қабылдамау; 4) ғылыми-технологиялық базаның жоқтығы; 5) мамандардың жетіспеуі. |
| Мүмкіндіктері:  | Қауіптер:   |
| 1) әлемдік ғарыш нарығының үшыруларына қажеттілігінің тұрақты осуі; 2) әлемдік коммерциялық үшырулар нарығында «Протон» ЗТ, «Зенит» ЗТ және «Днепр» ЗТ орнықты тауашаларының болуы; 3) Қазақстан мен Ресей арасында «Байқоңыр» ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану туралы және «Байтерек» F3K бірлесіп құру туралы келісім; 4) ЗТ бөлінетін бөліктерін құлау аудандары ретінде Қазақстанның аумағындағы жер телімдерін пайдалану үшін Ресейдің мұқтаждығы. | 1) Ресейдің өзінің жаңа «Восточный» ғарыш айлағына кең түрі; 2) басқа Қытайдың, Үндістанның, Кореяның ірі ғарыш айлақтары жағынан бәсекенің осуі; 3) әлемдік экономикалық дағдарыс; 4) экологиялық себептер бойынша «Байқоңыр» ғарыш айлағын жабу үшін күрес жүргізетін қоғамдық күштер.                        |

### **3.3. Тиісті саланы (секторды) дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері мен алғышарттары**

Бұдан басқа, Қазақстанның ғарыш саласын дамыту перспективаларын бағалау кезінде мынадай проблемалардың барын ескеру керек:

жоғары технологиялық және инновациялық өндіріс саласындағы, нарық нақты талап ететін зерттеулермен айналысатын қазіргі конструкторлық, технологиялық және сыйнау орталықтарының жоқтығы;

ғарыштық, сондай-ақ жалпы жоғары технологиялық және инновациялық өндірістің жоқтығы;

орта және жоғары техникалық білім жүйесінің әлсіз дамуы, ғарыш саласындағы ғылыми және кәсіптік кадрларды оқыту және даярлау жүйесінің жоқтығы;

ғылыми-өндірістік, жоғары технологиялық, инвестициялық және салық салаларындағы заң базасының нашар дайындығы, сондай-ақ ғарыш қызметін реттейтін заңдардың жоқтығы;

болашақ өлшемде ғарыш қызметін дамыту тәуекелдерінің болуы;

ғарыш қызметін соңғы тұтынушыға дейін жеткізу қызметтерінің, заңды қамтамасыз етілуінің және инфрақұрылымының жоқтығы.

Осының салдарынан ғарыш қызметінде қазақстандық қамту (құрамдас) үлесі жоқ.

Белгіленген проблемаларды шешу жүйелі және кешенді қағидаттар негізінде қалыптасқан Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қарастырылады.

### **3.4. Саланы (секторды) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау**

Осы кезеңге арналған ғарыш қызметін дамытудың айқын стратегиясының, сондай-ақ Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды мемлекеттік басқару және мониторингінің тиімді жүйесінің болмауы, яғни ғарыш қызметі саласында кәсіптік мемлекеттік органның жоқтығы себебінен Мембағдарламаның нәтижелері мардымсыз болды. Бұдан басқа, әзірлеуші жоспарлаған мерзімде жүзеге асырылмайтын міндеттерді қойған.

Анықталған жүйелі қателерді жою үшін ел Президентінің Жарлығымен 2007 жылы ғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты, мемлекеттік реттеуді және салааралық үйлестіруді іске асыруға орталық жауапты мемлекеттік басқару органы ретінде Қазарыш құралды.

Құрылған кезден бастап Қазғарыш ғарыш саласының дамуын реттейтін бірқатар құжаттарды: Ғарыш саласын қалыптастыру стратегиясын және Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасын, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010

-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бір бөлігін, бес жылдық кезеңдерге арналған стратегиялық даму жоспарларын әзірледі.

Норма шыгару қызметінің шенберінде Қазғарыш «Ғарыш қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобаларын

әзірледі.

Ғарыш қызметін дамыту жөнінде белгіленген іс-шараларды іске асыру үшін ғарыш бейініндегі қазақстандық кәсіпорындар құрылды және әрекет етуде.

### **3.5. Орын алыш отырған проблемаларды шешу жөнінде Қазақстан Республикасының жағдайына бейімдеуге болатын шетелдік оң тәжірибеге шолу**

**Ескерту. 3.5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1382 қаулысымен.**

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның ғарыш саласын құру және дамыту ғарыш технологияларын игеру саласында әлемнің жетекші елдері өздерінің ғылыми және өндірістік әлеуетін арттырып жатқанын дәлелдейтін, әлемдік ғарыш қызметі дамуының оң қазіргі заманға сай үрдістерінің аясында жүріп жатыр.

«Space Foundation» (АҚШ) компаниясының 2012 жылғы есебінің деректеріне сәйкес :

1) әлемдік ғарыш нарығының жиынтық көлемі соңғы 5 жылдың ішінде 37 % өсті және 304,3 млрд. АҚШ долларын құрады;

2) ұшыру саны 2012 жылы 78 құрады, бұл 2011 жылғы 84 ұшырумен салыстырғанда 7 % төмен, бірақ 2010 жылғы 74 ұшырудан 5 % артық;

3) 78 ұшырудың ішінде: 31 % – Ресейге, 24 % – Қытайға, 17 % – АҚШ-қа, 10 % – Еуропаға, 4 % – АҚШ-тың, Ресейдің, Украинаның, сондай-ақ Норвегияның қатысуымен «Морской старт»/«Наземный стартқа» келеді және 14 %-дан кемі Жапонияға, Үндістанға, Солтүстік Кореяға, Оңтүстік Кореяға және Иранға келеді.

«Euroconsult» компаниясының деректеріне сәйкес 2012 жылғы мыналар байқалды:

1) азаматтық ғарыш жобаларына үкіметтердің шығыстары 4 % өсті, бұл 41,5 млрд. АҚШ долларын құрайды;

2) әскери ғарыш секторына шығыстар 3 % өсті, бұл 31,4 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Елдердің ғарыш бағдарламаларына ұлғайтылған шығыстары АҚШ-та 43 млрд. АҚШ долларынан (барлық әлемдік үкіметтік шығыстардың 61 %) Үндістандағы 1 млрд .-тан астам АҚШ долларына дейін құрады.

Қазіргі кезде ғарыш қызметімен әртүрлі дәрежеде әлемнің барлық жетекші елдері және көптеген дамып келе жатқан елдер айналысады. Бұл ретте ғарыш қызметіне түрлі

елдердің қатысу дәрежесінің ауқымы байланыстың жеке арналарын қолданудан бастап азаматтық және әскери міндеттердің мол ауқымын шешу үшін ғарыш құралдарын ауқымды және жан жақты қолдануға дейін - өте кең екенін ескеру қажет. Сонымен бірге егер бірлі-жарым міндеттерді қөптеген мемлекеттер (170 - 180 дейін) шешетін болса, онда әскери, шаруашылық, ғылыми, әлеуметтік және өмірдің басқа салаларын қамтитын қөптарапты ғарыш қызметімен тек қана бірнеше мемлекеттің айналасу мүмкіндігі

бар.

Ғарышты игеру және практикалық пайдаланудың күрделі міндеттерін дербес шешуге мүмкіндік беретін дамыған ғарыштық инфрақұрылым Ресеймен қатар АҚШ, Франция, Қытай, Жапония, Үндістан елдерінде бар. Бұдан басқа, ғарышты әскери пайдалану мәселелерінде Ұлыбритания және Германия белсенділік көрсетіп отыр. Формалды белгілер бойынша осы тізімге қазіргі уақытта шығару құралдары және өз өндірісінің ғарыш аппараттары бар Израиль қосылуы мүмкін.

Қызметтің жаңа - ғарыш саласын игеру барысында әлемнің әртүрлі елдерінде болып жатқан үрдістерді талдау осы үрдістерге тән және ғарыш нарығын дамыту тұрғысынан қызықты мынадай заңдылықтар мен үрдістерді айқындауға мүмкіндік берді:

ғарыш құралдарын қолданумен зерттеу немесе қолданбалы бағдарламаларды жүзеге асыратын елдер тобының үздіксіз кеңеюі;

ірі зерттеу және қолданбалы бағдарламаларды іске асыру кезінде күшті біріктіру мақсатында елдер, үйымдар және жекелеген фирмалар коопeraçãoларын күшайту;

ғарышты практикалық қолданудың қосбірлікті сипатын дамыту (азаматтық және әскери мақсаттар);

барлық елдерде ғарыш кеңістігін игерудің бастапқы кезеңдерінде ғарыш бағдарламалары мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады;

ғарыш қызметтері мен өнімінің әлемдік нарығында елдер арасында да, сондай-ақ жеке коммерциялық үйымдар мен фирмалар арасында да бәсекелестіктің күшеюі;

заңтанудың жаңа саласы - ғарыш құқығын дамыту.

Сонымен, үлкен экономикалық пайдадан үміттендіретін адамзат қызметінің жаңа саласы ретінде ғарыш кеңістігін игеру, әртүрлі жаңа салалар (мысалы әуеде ұшу, радиобайланыс және т.б.) мен технологиялар пайда болу барысында адамзатқа кездесетін проблемалар мен мәселелерге ұқсас проблемалар мен мәселелерді туғызады. Ғарыш кеңістігін игеруге және қолдануға тән үрдістердің адам қызметінің қөптеген түрлерін дамытудағы үрдістермен ұқсастығы көп. Бірақ ғарыш қызметінің саласын дамытудың басқалардан басты өзгешілігі ғарыш кеңістігін игеру бойынша түрлі елдердің және үйымдардың күш салуды арттыруының ерекше өсу қарқынында.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері**

## **4.1. Бағдарламаның мақсаты**

Бағдарламаның мақсаты толыққанды ғарыш саласын құрудың бірінші кезеңін іске асыру болып табылады.

## **4.2. Бағдарламаның нысаналы индикаторлары**

**Ескерту. 4.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1382 қаулысымен.**

Бағдарламаны іске асыру тиімділігі мынадай индикаторлар бойынша айқындалатын болады: 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 2014 жылы ЖҚҚ-ның 30 %-ға  
өсімі қамтамасыз етілуі тиіс.

Бағдарлама табысты іске асырылған жағдайда ғарыш қызметі бекітілген спутник байланысы арналарына еліміздің қажеттілігін 80 % қанағаттандыруы тиіс, Қазақстан аумағының 55 % дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметін пайдалануы тиіс. Тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық ЖҚЗ ҒА деректерінің үлесі – 50 %-дан кем болмауы тиіс. 2014 жылы ғылымды қажетсінетін кемінде 9 ғарыш технологиясы енгізуі тиіс.

Елдің индустримальық-инновациялық саясатын іске асыру түрфысынан, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуда экспортқа бағдарлануды дамыту және қазақстандық қамтуды арттыру мәселелері қазіргі кезеңде маңызды және өзекті болып табады.

Осы салалық бағдарламаның шенберінде ғарыш инфрақұрылымының меншікті объектілерін, ғарыш техникасының және технологиясының жоғары технологиялы өндірістерін және олардың жиынтықтауштарын құру, саланың қазақстандық мамандарын даярлау, сондай-ақ экономиканың және экспорттың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында саланың нормативтік құқықтық базасын құру жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Осы жұмыстардың іске асырылуына қарай ғарыш саласының кәсіпорындары сатып алатын тауарлардағы, жұмыс пен қызметтердегі қазақстандық қамту көлемі шамамен 2009 жылы 52 %-дан 2010 жылы 55%-ға, 2011 жылы - 62%, 2013 жылы - 66% өседі және 2014 жылы қазақстандық қамту көлемінің болжамды көрсеткіші 70%-ға жетеді. Халықаралық шарттар шенберінде ғарыш жобаларын іске асыруға шетелдік кәсіпорындарды тартуға байланысты кейбір материалдар мен жабдықтың, жұмыстар мен қызметтердің импортының болмайды.

ЖҚЗ ҒЖ, «KazSat» және ҚұСК жобаларын құру кезеңінде қазақстандық қамту үлесі 25% кем болмайды. Жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша қазақстандық

қамту үлесі 70%-ға дейін өседі.

Бұгінгі таңда ғарыш қызметінің отандық өндіріс тауарлары, жұмыстары және қызметтері жок.

#### 4.3. Бағдарламаның міндеттері

Ескерту. 4.3-кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 136; 20.12.2013 N 1382 қаулыларымен.

Салалық бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- 1) мақсатты ғарыш жүйелерін құру;
- 2) жерусті ғарыш инфрақұрылымын дамыту;
- 3) ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-технологиялық базасын дамыту;
- 4) ғарыш жүйелерін пайдаланудың нысаналы жобаларын іске асыру;
- 5) ғарыш саласының кадрлық әлеуетін дамыту жүйесін қалыптастыру;
- 6) ғарыш саласының шарттық, құқықтық және нормативтік-техникалық базасын құру.

#### 4.4. Бағдарламаның әрбір міндеті бойынша белгіленетін нәтижелер көрсеткіштері

Ескерту. 4.4-кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 136; 20.12.2013 N 1382 қаулыларымен.

1. Мақсатты ғарыш жүйелерін құру келесі нәтижелерге қол жеткізудің көздейді: мемлекеттік қажеттіліктер үшін әлемдік деңгейдегі сипаттамалармен 4 FA ұшыру; тұтынушыларды спутниктік байланыс, теле- және радиохабар тарату қызметтерімен 80 % дейін қамтамасыз ету;

«KazSat-2» FA-ның жалпы сыйымдылығынан 75 %-ға және «KazSat-3» FA пайдаланудың бірінші жылында FA жалпы сыйымдылығынан 7 %-ға дейін жүктелуін қамтамасыз ету;

2014 жылдан бастап тәулігіне ауданы 1 млн. шаршы км дейінгі орта шешімді ғарыш түсірілімдерімен тұтынушыларды қамтамасыз ету;

2014 жылдан бастап тәулігіне ауданы 220 мың шаршы км дейінгі жоғары шешімді ғарыш түсірілімдерімен тұтынушыларды қамтамасыз ету.

2. Жерусті ғарыш инфрақұрылымын дамыту мынадай нәтижелерге қол жеткізудің көздейді:

«Зенит» ЗТ негізінде «Бәйтерек» ФЗК-ін құру;  
ҚұСК ғимаратын салу және оның негізгі сынау жабдығын монтаждау үшін дайындау. FA ҚұСК 2015 жылы пайдалануға берілетін болады.

3. Ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-технологиялық базасын дамыту келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

ғарыш технологияларын пайдаланумен өнімнің 4 тәжірибелік-өндірістік үлгісін құрып; ;

кемінде 9 ғылымды қажетсінетін ғарыш технологияларын енгізу; ғарыш саласының ғылыми және ғылыми-технологиялық базасының 3 объектісін жаңғыру;

гептилді трансформациялаудың бірқатар өнімдері үшін 2 технологиялық регламент, 2 әдістеме және 2 гигиеналық норматив әзірлеу

4. Ғарыш жүйелерін пайдаланудың мақсатты жобаларын іске асыру келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

ҰFMO үшін 16 ахуал орталығын, 10 тестілік полигон құру;

Қазақстанның тұтынушыларын координаталық-уақыттық және навигациялық қызметтермен 100 % қамтамасыз ету;

жоғарыдәлдікті спутниктік навигация қызметтеріне елдің сұранысын 30 % ( Қазақстан аумағын жабу пайызы) қанағаттандыру.

5. Ғарыш саласының кадрлық әлеуетін дамыту жүйесін қалыптастыру, ол кәсіптік стандарттар жүйесін енгізуді, отандық және шетелдік ЖОО мен ғылыми орталықтарда, оның ішінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды, шетел ғарыш орталықтарында тағылымдамадан өтуді қоса алғанда, кәсіби кадрларды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтиды және мынадай нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

ғарыш саласы қызметкерлерінің жалпы санына қатысты ғарыш қызметі саласындағы қазақстандық білікті мамандардың санын 50 %-ға дейін;

ғарыш бейінінде, оның ішінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша даярланған мамандар (бакалаврлар, магистрлер, кандидаттар және ғылым докторлары, Ph.D докторлары) санын – 700 адамға ұлғайту.

6. Ғарыш саласының шарттық, құқықтық және нормативтік-техникалық базасын құру келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

ғарыш қызметі саласында әріпес-мемлекеттердің санын ұлғайту (жыл сайын кемінде 2 мемлекет);

ғарыш қызметі саласында жеке нормативтік құқықтық база құру; Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын әзірлеу.

#### **4.5. Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар**

**Ескерту. 4.5-кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 136, 2012.06.26 № 837; 20.12.2013 N 1382 қаулыларымен.**

Осы Бағдарламаны іске асыру барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі негізгі орындаушы ретінде мынадай жауапты мемлекеттік органдармен өзара

әрекет

е т е д і :

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасы Коршаған орта және су ресурстары министрлігі;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері.

Сондай-ақ, Бағдарламаны іске асыруға Қазғарыштың қарамағындағы ұйымдар - ғарыш жобаларының тікелей орындаушылары қатысады: «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ, «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны АҚ, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ, «Инфракос» РМК, «Ғарыш-Экология» ФЗО» РМК.

## 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Ескерту. 5-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 136; 20.12.2013 N 1382 қаулыларымен.

Бағдарламаны орындау іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ 5 жылдық кезеңдерге арналған стратегиялық жоспарларды әзірлеу және іске асыру арқылы шартты түрде екі кезеңде жүзеге асырылатын болады.

2010 - 2012 жылдар кезеңінде:

«KazSat-2» FA ұшыру;

FZK, ЖҚЗ FЖ және FA ҚҰСК тапсырыс берушінің функцияларын игеру;

ЖҚЗ FЖ жобалау, әзірлеу, жасау және сыйнау барысында технологиялардың трансфертін жүзеге асыру және шетелде мамандарды оқыту;

іске асырылатын жобалар шеңберінде «KazSat-2» FA пайдалану жөнінде тәжірибе жинақтау жоспарланып отыр.

2013 - 2014 жылдары мынадай негізгі іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланып отырып:

«KazSat-3» FA ұшыру;

жоғары және орта шешімді 2 ЖҚЗ FA ұшыру;

ЖҚЗ FЖ пайдалану жөнінде, жеке FA ҚҰСК құру жұмыстары бойынша тәжірибе

жинақтау және мамандарды қосымша оқыту;

FA жобалау және FA жинақтауыштарын өндіру технологияларын игеру; соңғы тұтынушыларға коммерциялық қызметтер көрсету.

Бағдарлама міндеттері бөлінісінде оны былайша іске асыру жоспарланып отыр.

1. Мақсатты ғарыш жүйелерін құру мынадай іс-шараларды жүргізуі көздейді:

1) «KazSat» сериялы спутниктік байланыс және хабар тарату жүйесін құру, ол м ы на ла р д ы к ө з д е й д і :

Қазақстандық геостационарлық FA үшін екі орбиталық позицияны бөлу және Қазақстан Республикасына бекіту;

«KazSat-2» және «KazSat-3» ұлттық FA құру және ұшыру;

«KazSat» сериялы FA РЖБК құру;

2) ЖКЗ ғарыш жүйесін құру, бұл мыналарды көздейді:

ЖКЗ жоғары шешімді FA және ЖКЗ орта шешімді FA құру және ұшыру;

ЖКЗ FЖ жерүсті басқару кешенін құру;

басты ақпарат орталығын және ақпаратты қабылдау, өндіреу және тарату жерүсті станцияларының бөлінген желісін қамтитын жерүсті мақсатты кешенін құру;

3) ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін құру, бұл ғылыми міндеттерді шешу, жаңа ғарыш технологияларын пысықтау, жер сілкіністерінің хабаршыларын зерттеу үшін FA жобалық материалдарын әзірлеуді көздейді;

4) женіл класты ғарыштық мақсаттағы зымыран-тасығышы F3K-ні құрудың экономикалық орындылығын негіздеу;

5) «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрамға кірмеген және Ресей Федерациясы жалға алған құрамнан шығарылған объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

6) «Байқоңыр» кешенінің Ресей Федерациясы жалға алған құрамға кірмейтін объектілерін кәдеге жарату және жөндеу әрі аумақтарын қайта құнарландыру.

Көрсетілген шаралар іске асқаннан кейін 4 ғарыш аппараты ұшырылады, оның ішінде 2 FA байланыс және хабар тарату және 2 FA ЖКЗ.

Байланыс және хабар тарату, Жерді қашықтықтан зондтау, деректерді беру меншікті ғарыш жүйелерін, ғылыми мақсаттағы FA құру және пайдалану телекоммуникациялар, ауыл шаруашылығы, темір жол және автомобиль көлігі, жер ресурстарын басқару, геодезия, картография, энергетика және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты салаларда Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігінің өсүіне әкеледі.

«KazSat» сериялы FA тобы тікелей телехабар тарату, дәлдігі жоғары телехабар тарату, тікелей кең жолақты абоненттік кіру қызметтері, ТД-дабылдарын, Интернет-траfficін және дыбыстық хабар таратуды ұтқыр абоненттердің терминалдарына тікелей беретін мультимедиялық спутниктік хабар тарату сияқты болашақ бағыттарда қызметтер көрсету үшін жаңа техникалық мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Бұл ретте, көрсетілген сегменттердегі ішкі нарығының іске

«KazSat-1» FA іске қосқаннан бастап 1,5 жылда шетелдік спутниктік байланыс операторларының ұсыныстарынан бағасы 25 - 30%-ға төмен Қазақстан Республикасының 18 спутниктік байланыс операторы «KazSat-1» арнасына жалға берілді. Бұл Қазақстан Республикасының белгіленген спутниктік байланыс арналарында 60% сұранысын қанағаттандырды. 2011 жылдың ортасында іске қосуға жоспарланып отырған «KazSat-2» FA «KazSat-1» FA қарағанда жақсырақ сипаттамаға ие, бұл 2014 жылдың соңында 3 жыл аралығында спутниктік байланыс арналарында 80% сұранысын қанағаттандыруға жағдай туғызады.

2015 жылға қарай «KazSat» жобасы бойынша ЖҚҚ болжамдық көрсеткіші 33 млрд. тенге құрайды.

Қазақстан Республикасының ЖҚЗ ғарыш жүйесін құру шетелдік компаниялардан Қазақстан Республикасының жер кадастрын және жылжымайтын мұлік объектілерінің кадастрын жасау үшін ғарыш түсірілімдерін сатып алудан бас тартуға мүмкіндік береді

Екі FA тұратын ЖҚЗ ғарыш жүйесін 2014 жылдың ортасында іске қосу жоспарланып отыр. Құру жоспарланып отырған жүйенің өнімділігі елімізді ғарыш мәліметтерімен 100% сұранысын қанағаттандырады. Бірақ, ЖҚЗ FЖ толығымен қуаттылығымен игеру 1 жылға таман уақытты қажет етеді, сондықтан 2014 жылдың соңына дейін ғарыш мәліметтерімен 50% еліміздің сұранысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

ЖҚЗ FЖ жобасы бойынша 2015 жылға қарай ЖҚҚ және экспорт болжамдық көрсеткіштері тиісінше 17 млрд. теңгені және 4,7 млрд. теңгені құрайды.

Ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін құру жақын және алыс ғарышты сапалы зерттеуді, Жерді қашықтықтан зондтау, ғарыштық материалтану саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуі қамтамасыз етеді.

